




ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР  
УНИВЕРСИТЕТІ


# МАГИСТРАТУРА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

ҚР МСМ МК «Қазақ ұлттық  
өнер университеті» РММ

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКА УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ</b>	2 нұсқасы: 30.09.2021
	<b>МАГИСТРАТУРА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	1 бет

## МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер	2
2	Білім беру бағдарламалары және оқу процесі	3
3	Ғылыми жетекшілік және зерттеу тақырыптары	4
4	Білім алушылардың жеке жұмыс жоспары	6
5	Тәжірибені ұйымдастыру	7
6	Білім алушылардың ғылыми тағылымдамасы	7
7	Білікті бітіру жұмысы	8
8	Білікті бітіру жұмысын қорғау	9
9	Қорытынды ережелер	12
	А қосымшасы. Сараптау кеңесі қорытындысының нысаны	13
	Ә қосымшасы. Ғылыми кеңесші пікірінің нысаны	15
	Б қосымшасы. Оппоненттің (сыртқы рецензенттің) анкеталық деректерін беру нысаны	17
	В қосымшасы. Оппоненттің (сыртқы рецензенттің) магистрлік диссертацияны рецензиялауға келісім нысаны	18
	Г қосымшасы. Оппоненттің (сыртқы рецензенттің) рецензиясының нысаны	19

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 30.09.2021
	МАГИСТРАТУРА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	2 бет

## 1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Магистратура туралы осы Ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет Комитетінің «Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде (бұдан әрі – Университет) іске асырылатын мәдениет және өнер саласындағы жоғары білікті, бәсекеге сай мамандарды магистрлік дайындау бойынша білім беру қызметін жоспарлау, басқару және оқу процесін ұйымдастыру тәртібін анықтайды.


1.2 Ереже келесі нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес әзірленген:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңына;
- Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы № 407-IV «Ғылым туралы» Заңына;
- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің Үлгілік қағидаларына;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына (8 қосымшасы);
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына.

1.3 Магистратура– жоғары оқу орнынан кейінгі маман дайындау деңгейлерінің бірі, онда ішкі және халықаралық еңбек нарығында бәсекеге қабілетті кәсіпқой мамандарды дайындау мақсатында мәдениет пен өнер саласында мамандарды тереңдетілген теоретикалық оқыту қарастырылған.

1.4 Магистратураға жалпы басшылықты және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыруға бақылауды ғылыми жұмыс жөніндегі проректор атқарады. Магистратураның білім беру бағдарламаларын іске асыруға Университеттің ғылым бөлімі көмек көрсетеді.

1.5 Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің оқу процесін ұйымдастыруға бақылауды оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор атқарады. Оқу процесін ұйымдастыруды Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет атқарады.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ</b>	2 нұсқасы: 30.09.2021
	<b>МАГИСТРАТУРА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	

1.6 Оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыруды кафедра мен факультеттің ғылыми зерттеулерінің тақырыптарын ескерумен бітіруші кафедра атқарады.

1.7 Университет магистратурасына оқуға қабылдау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың Үлгілік қағидаларына сай орындалады.

1.8 Магистранттарды дайындау мемлекеттік білім беру гранты арқылы, сондай-ақ, білім алушының меншікті қаржысы және басқа да көздер есебінен іске асырылады.

## **2 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ ЖӘНЕ ОҚУ ПРОЦЕСІ**

2.1 Университет білім беру бағдарламалары бойынша оқу процесін тиісті түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің Үлгілік қағидаларына және кредиттік технология бойынша оқу процесін ұйымдастыру Қағидаларына сай ұйымдастырады.

2.2 Білім беру процесін іске асыру Ұлттық біліктілік шеңберіне, Дублин дескрипторларына, Салалық және Еуропалық біліктілік шеңберіне, кәсіптік стандарттарға сәйкес іске орындалады.

2.3 Магистратурада оқыту күндізгі және қашықтықтан оқыту нысандарында өткізіледі.

2.4 Магистратурада дайындау екі бағыт бойынша іске асырылады:


- ғылыми-педагогикалық (оқу мерзімі – 2 жыл);
- бейіндік (оқу мерзімі - 1 жыл).

2.5 Магистратураның білім беру бағдарламалары барлық дайындық бағыттары бойынша білім беру қызметімен айналысуға арналған бас лицензияға және жоғары оқу орнынан кейінгі білім мамандықтарының Үлгілік жіктеуішіне сай бітіруші кафедрлармен әзірленеді.

2.6 Магистратураның білім беру бағдарламаларының құрамына кіреді:

- теоретикалық оқу курсы;
- ғылыми-зерттеу/эксперименттік-зерттеу жұмысының бағдарламасы, білікті бітіру жұмысын (диссертацияны /жобаны) орындауды қоса;
- тәжірибе – педагогикалық, зерттеу/өндірістік;
- аралық және қорытынды аттестаттау.

Компоненттердің әрқайсысының еңбек сыйымдылығы кредиттермен өлшенеді.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ОҢЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ</b>	2 нұсқасы: 30.09.2021
	<b>МАГИСТРАТУРА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	4 бет

2.7 Зерттелінетін қызмет түрлерінің жалпы көлемі жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің жалпыға міндетті Мемлекеттік стандарттары бойынша талап етілетін көлемнен кем болмауы тиіс.

2.8 Білім беру бағдарламалары келесілерді ескерумен әзірленеді:

- Таңдаған мамандығы бойынша білім алушылардың кәсіби біліктіліктерін талдау негізінде білікті бітіру жұмысын қорғау кезіндегі мемлекеттік аттестаттау комиссиясының ұсыныстарын;
- Білім беру бағдарламаларына жұмыс берушілердің Сараптау қорытындыларын;
- Еңбек нарығының қажеттіліктерін.

2.9 Магистратураның білім беру бағдарламалары модульдік оқу ұстанымдары бойынша құрылған. Бұл ретте оқу нәтижелері (біліктіліктер) әрбір пән және модуль, сондай-ақ, бүкіл білім беру бағдарламасы бойынша қалыптасады.

2.10 Білім беру бағдарламасы оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректордың ұсынуы бойынша Университеттің Ғылыми кеңесінде бекітіледі.

2.11 Магистратураның білім беру бағдарламалары бойынша оқу процесін ұйымдастыру Университеттің Академиялық саясатына сай іске асырылады.

2.12 Магистратурада білім беру процесін аяқтаудың негізгі өлшемшарты ретінде магистранттың келесілерді игеруін айтуға болады:


2.12.1 Ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша (2 жылдық оқу мерзімімен) – кемінде, 120 кредит, оның ішінде, теоретикалық оқу - кемінде, 84 кредит, ғылыми-зерттеу жұмысы - кемінде, 48 кредит;

2.12.2 Бейіндік бағыт бойынша (1 жылдық оқу мерзімімен) – кемінде, 60 кредит, оның ішінде, теоретикалық оқу – кемінде, 35 кредит, эксперименттік-зерттеу жұмысы – кемінде, 26 кредит.

### **3 ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІЛІК ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ ТАҚЫРЫПТАРЫ**

3.1 Магистратураның білім беру бағдарламаларын, айрықша атағанда, оның ғылыми компонентін игеру магистранттың жеке жұмыс жоспарына сәйкес ғылыми жетекшісінің жетекшілік етуімен іске асырылады.

3.2 Ғылыми жетекшілік ету үшін оқытушыларда болуы тиіс: ғылыми дәрежесі - ғылым докторы, ғылым кандидаты, академиялық дәрежесі - PhD философия докторы, бейін бойынша доктор, ғылыми атақтары - профессор, қауымдастырылған профессор (доцент), кемінде, 3 жыл ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі, сондай-ақ, олар білім және ғылым саласындағы өкілетті орган бекіткен ғылыми басылымдар Тізіміне енген басылымда соңғы 5 жылда 5 ғылыми мақаланың авторы болуы тиіс және JCR деректері бойынша импакт-факторы бар немесе Science Citation Index Expanded, Social Citation Index немесе

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 30.09.2021
	МАГИСТРАТУРА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	5 бет

Arts and Humanities Citation Index Web of ScienceCore Collection мәліметтер қорының бірінде индекстелетін немесе Scopus мәліметтер қорында CiteScore бойынша процентиль көрсеткіші, кемінде, 25 болатын, рецензияланатын халықаралық ғылыми журналда 1 ғылыми мақаласы болуы тиіс.

3.3 Оқуға тіркелгеннен кейін әрбір білім алушыға ғылыми жетекші тағайындалады. Қажет болған жағдайда ғылыми кеңесші тағайындалуы мүмкін.

3.4 Ғылыми жетекшілер және ғылыми кеңесшілер (бар болса):

- білім алушылардың жеке жұмыс жоспарын әзірлеуде қатысады;
- зерттеудің тақырыбы мен бағытын таңдауда көмектеседі;
- диссертацияларға/жобаларға жетекшілікті іске асырады;
- ғылыми тағылымдамаларға, зерттеушілік тәжірибелеріне жетекшілікті іске асырады;
- жеке жоспарда қарастырылған жұмыстардың барлық түрлерін білім алушылардың уақытылы орындауына жауапкершілікті көтереді.

3.5 Білім алушының ғылыми-зерттеу жұмысы келесідей болуы тиіс:

- Заманауи ғылымның дамуына және кафедра мен факультеттің ғылыми-зерттеу қызметінің негізгі бағыттарына сәйкес;
- Өзекті, ғылыми жаңалығы және тәжірибелік мәні бар;
- Заманауи зерттеу әдістеріне негізделуі;
- Ғылым мен шығармашылық этикасының ұстанымдарына негізделуі.

3.6 Ғылыми зерттеулер тақырыптары ерекше және алдыңғы жылдардағы тақырыптардан және басқа білім беру ұйымдары зерттеулерінің тақырыптарынан айырмашылығы болуы тиіс.


3.7 Ғылыми жетекші тағайындалғаннан кейін білім алушы онымен бірге өзінің болашақ зерттеуінің тақырыбын таңдайды және тақырыптың өзектілігіне, жаңалығына, теоретикалық және тәжірибелік маңыздылығына негіздеме дайындайды.

3.8 Білім алушылардың ғылыми зерттеулерінің тақырыптары кафедра жиналыстарында өтеді және Университеттің Ғылыми кеңесіне бекітуге ұсынылады. Білім алушылардың ғылыми зерттеулерінің тақырыптары және олардың ғылыми жетекшілері/ғылыми кеңесшілері көрсетілуімен кафедра жиналыстарынан көшірмелер.

3.9 Білім алушылардың ғылыми зерттеулерінің тақырыптарын ғылыми жұмыс жөніндегі проректор Ғылыми кеңеске береді.

3.10 Ғылыми жетекші/ғылыми кеңесші (бар болса) және магистранттың зерттеуінің тақырыбы білім алушы оқуға тіркелгеннен кейін екі ай ішінде Университеттің Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде ректордың бұйрығымен бекітіледі.

3.11 Кафедра оқытушысының бір мезгілде бес білім алушыға ғылыми жетекшілік ету мүмкіндігі бар.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 30.09.2021
	МАГИСТРАТУРА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	6 бет

## 4 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЖЕКЕ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

4.1 Магистратурада білім алушылар оқудың алғашқы үш айы ішінде ғылыми жетекшінің/ғылыми кеңесшінің (бар болса) жетекшілік етуімен жеке жұмыс жоспарларын әзірлейді.

4.2 Магистранттың жеке жұмыс жоспарына келесі бөлімдер кіреді:

- жеке оқу жоспары (ЖОЖ);
- диссертация тақырыбы, негіздемесімен;
- тақырыбы, зерттеудің бағыты, орындалу мерзімдері мен есептілік нысандары көрсетілуімен жеке ғылыми-зерттеу/эксперименттік-зерттеу жұмысының жоспары;
- диссертацияны/жобаны орындау жоспары;
- тәжірибеден өту жоспары (бағдарламасы, өтетін орны, мерзімдері мен есептілік нысаны);
- ғылыми жарияланымдар жоспары;
- ғылыми тағылымдамалар жоспары.

4.3 Жеке оқу жоспарында игерілетін кредиттер саны көрсетілуімен білім алушының оқу траекториясы көрініс табады. Жоспар семестрлерге бөлінуімен жылдар бойынша барлық оқу кезеңіне құрылады.

4.4 Жеке ғылыми-зерттеу/эксперименттік-зерттеу жұмысының жоспарында диссертация тақырыбы, оның зерттеу бағыты, мерзімдері мен есептілік нысаны көрсетіледі.

4.5 Тәжірибеден өту жоспарында тәжірибенің барлық түрлері, олардың бағдарламалары, өтетін орны, мерзімдері мен есептілік нысаны болуы тиіс.

4.6 Ғылыми жарияланымдар жоспарында жарияланымдардың болжамды тақырыптары, жоспарланатын басылым орны, дайын жұмысты жариялауға беру мерзімі болуы тиіс.

4.7 Ғылыми тағылымдамалар жоспарында тағылымдама бағдарламасы, оның мақсаттары мен міндеттері, тағылымдаманың өтетін орны мен мерзімдері, сондай-ақ, есептілік нысаны болуы тиіс.


4.8 Қажет болса, жеке оқу жоспарына өзгерістер енгізілуі мүмкін.

4.9 Білім алушылардың жеке жұмыс жоспары екі данада толтырылады, олар кафедрада және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімінде сақталады.

4.10 Жеке жұмыс жоспары кафедра жиналысында қарастырылады және ғылыми жұмыс жөніндегі проректормен бекітіледі.

4.11 Білім алушылар өздерінің жеке жұмыс жоспарларын орындау үшін жауапкершілікті көтереді.

4.12 Әрбір семестердің соңында білім алушылар бітіруші кафедраның алдында жеке жоспарларын орындау нәтижелері туралы есеп береді.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ</b>	2 нұсқасы: 30.09.2021
	<b>МАГИСТРАТУРА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	7 бет

4.13 Магистранттардың жеке жұмыс жоспарларын уақытылы орындауы үшін олардың ғылыми жетекшілері, ғылыми кеңесшілері (бар болса) және бітіруші кафедраның меңгерушілері жауапкершілікті көтереді.

## **5 ТӘЖІРИБЕНІ ҰЙЫМДАСТЫРУ**

5.1 Білім алушылардың тәжірибесі – ғылыми мамандарды дайындаудың қажетті кезеңі. Ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша ол – зерттеу және педагогикалық, бейіні бойынша – зерттеу және кәсіби тәжірибелер болып бөлінеді.

5.2 Университетте тәжірибе басқа оқу түрлерімен қатар академиялық кезең барысында өткізіледі.

5.3 Тәжірибенің ұзақтығы білім алушының апта барысындағы 30 сағатқа (5 күндік жұмыс аптасында күніне 6 сағат) тең тәжірибедегі нормативтік уақытына сай апталармен анықталады.

5.4 Тәжірибенің барлық түріне жіберу тәжірибенің мерзімі, өткізілетін орны және жетекшісі көрсетілуімен ректордың бұйрығымен рәсімделеді. Тәжірибенің жетекшісі ретінде, әдетте, білім алушының ғылыми жетекшісі тағайындалады.

5.5 Тәжірибе білім беру мекемелерінде, ғылыми-зерттеу ұйымдарында, өнер ұйымдарында және т.б. өткізілуі мүмкін. Педагогикалық тәжірибе Университеттің колледжінде немесе бакалавриатында өткізілуі мүмкін.

5.6 Зерттеу және кәсіби тәжірибелердің мазмұндары білім алушының диссертациялық жұмысының тақырыбымен анықталады.

5.7 Зерттеу және кәсіби тәжірибелердің мақсаты – теоретикалық ғылымның жаңа жетістіктерімен таныстыру және тәжірибелік дағдылар мен біліктіліктерді бекіту, сондай-ақ, зерттеу саласындағы алдыңғы қатарлы тәжірибені игеру.

5.8 Педагогикалық тәжірибенің мақсаты – педагогика және оқыту саласында білім, шеберлік және тәжірибелік дағдылар алу және оларды бекіту.


5.9 Тәжірибелер жалпыға міндетті мемлекеттік білім берудің тиісті стандартында белгіленген көлемде, бекітілген академиялық күнтізбеге сәйкес өткізіледі.

## **6 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ ТАҒЫЛЫМДАМАСЫ**

6.1 Магистранттар диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша міндетті тәртіпте ғылыми тағылымдамадан өтуі тиіс.

6.2 Ғылыми тағылымдама алыс немесе жақын шетелдегі білім беру ұйымында немесе ғылыми-зерттеу мекемесінде өткізілуі тиіс. Кейбір жағдайларда (төтенше жағдайлар, медициналық көрсетімдер, т.б.)



 ҚАЗАҚҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ</b>	2 нұсқасы: 30.09.2021
	<b>МАГИСТРАТУРА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	

тағылымдаманы Қазақстан шеңберіндегі білім беру ұйымдарында немесе ғылыми-зерттеу мекемелерінде өткізуге рұқсат етіледі.

6.3 Білім алушылардың ғылыми тағылымдамадан өту орындарын таңдауын, ғылыми тағылымдама бағдарламасының білім алушының ғылыми зерттеу тақырыбына сәйкестігін бақылауды Университеттің Академиялық этика бойынша Кеңесі іске асырады.

6.4 Тағылымдама бағдарламасы дайындық бағытына және білім алушының жеке ғылыми-зерттеу/эксперименттік-зерттеу жұмыс жоспарына сәйкес әзірленеді.

6.5 Университет білім алушыларының ғылыми тағылымдамаларын ұйымдастыру және өткізу тәртібі жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылардың ғылыми тағылымдамалардан өтуі туралы Ережесіне сай іске асырылады.

6.6 Ғылыми тағылымдама аяқталғаннан кейін білім алушы есеп береді, онда көрсетілуі тиіс:

- Тағылымдама өткізілген ел және ұйым;
- Өту мерзімдері;
- Қабылдайтын жақтан тағылымдама жетекшісі туралы мәліметтер және оның пікірі (сипаттама);
- Диссертациялық зерттеу тақырыбы;
- Тағылымдама мақсаты мен міндеттері;
- Қол жеткізген нәтижелер;
- Растайтын құжаттар (сертификаттың, куәліктің көшірмесі немесе анықтама) мен фотосуреттер.

6.7 Білім алушы ғылыми тағылымдаманың нәтижелері туралы бітіруші кафедраның жиналысында есеп береді.


6.8 Жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөліміне міндетті түрде қабылдайтын жақтан тағылымдама жетекшісінің пікірімен (сипаттамасымен) қоса есебінің көшірмесі және ғылыми тағылымдамадан өту туралы сертификат, куәлік немесе анықтама (көшірмелері) беріледі. Магистранттың есебі құжаттардың түпнұсқаларымен бірге кафедрада сақталады.

6.9 Жыл соңында бітіруші кафедраның жиналысында білім алушының ғылыми іс-сапарларының нәтижелілігін талдау өткізіледі, түзетім іс-шаралары іске асырылады.

## **7 БІЛІКТІ БІТІРУ ЖҰМЫСЫ**

7.1 Магистранттардың білікті бітіру жұмысы – академиялық магистр дәрежесін алу үшін диссертация (ғылыми-педагогикалық бағыт) немесе жоба (бейіндік бағыт).

7.2 Магистрлік диссертация таңдаған білім беру бағдарламасы саласында білім алушының нақты өзекті теоретикалық және/немесе тәжірибелік мәселені

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ</b>	2 нұсқасы: 30.09.2021
	<b>МАГИСТРАТУРА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	

өздігінше зерттеу нәтижелерін жалпылап, қорытудан тұрады, онда таңдаған тақырыпты зерттеу барысы, алынған нәтижелер мен қорытындылар қисынды түрде беріліп, бейнеленеді.

7.3 Магистрлік жоба таңдаған білім беру бағдарламасы саласында білім алушының қолданбалы міндетті шешу бойынша өздігінше зерттеу нәтижелерін жалпылап, қорытудан тұрады, онда таңдаған тақырыпты зерттеу барысы, теоретикалық және/немесе тәжірибелік нәтижелер қисынды түрде беріліп, бейнеленеді және өзіндік қорытындылар жасалады.

7.4 Магистрлік диссертацияның/ жобаның мақсаты – ғылыми зерттеуді өздігінше жүргізу, нақты ғылыми және тәжірибелік міндеттерді шеше білу қабілетін көрсету, қабылданған шешімдерді теоретикалық негіздеу және өз зерттеуінің барысын қисынды және дәйекті түсіндіру.

7.5 Магистрлік диссертацияда/жобада білім алушының бүкіл оқу кезеңі бойы өткізген ғылыми-зерттеу/эксперименттік-зерттеу жұмысының қорытындылары бейнеленеді.

7.6 Магистрлік диссертацияны қорғауға рұқсат алу үшін кемінде, екі ғылыми жарияланымды тапсыру талап етіледі. Магистрлік жобаны қорғауға рұқсат алу үшін кемінде, бір ғылыми жарияланымды тапсыру талап етіледі.

Білім алушының зерттеу жұмысының нәтижелері ғылыми басылымдарда жариялануы, ғылыми конференцияларда берілуі тиіс.

7.7 Магистрлік диссертациялар мен авторлық рефераттардың құрылымына, мазмұнына, көлеміне және рәсімдеу қағидаларына жалпы талаптар магистрлік диссертация туралы Ережеде баяндалған.

## **8 БІЛІКТІ БІТІРУ ЖҰМЫСЫН ҚОРҒАУ**

8.1 Магистрлік диссертацияны/жобаны - қорғау магистрді дайындаудың қорытынды кезеңі. Ол білім алушыға тиісті мамандық немесе білім беру бағдарламасы бойынша магистр академиялық дәрежесін беру үшін негіздеме болады.

8.2 Магистрлік диссертация қорғауға берілгенге дейін кемінде, бір ай бұрын бітіруші кафедрада алдын ала қорғау рәсімінен және сондай-ақ, плагиатқа қатысты міндетті тексеруден өтуі тиіс.

8.3 Плагиатқа қатысты тексеру Strikeplagiarism.com (Польша) сайтында өткізіледі, оны пайдалану құқығы осы компанияның Қазақстан Республикасындағы өкілі «Plagiat.pl» ЖШҚ тиесілі.


8.4 Магистрлік диссертацияны/жобаны қорғауға рұқсат алу үшін Strikeplagiarism жүйесінде келесі нәтижелер көрсетілуі тиіс:

КП1 - 50% аспауы тиіс;

КП2 - 7% аспауы тиіс;

КЦ - 30 % аспауы тиіс;

Белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін жұмыс қорғауға жіберілмейді.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰОУ» РММ	2 нұсқасы: 30.09.2021
	МАГИСТРАТУРА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	10 бет

8.5 Магистрлік диссертацияны алдын ала қорғау келесілердің болуында іске асырылады:

- Ғылыми жетекшінің пікірі;
- Ғылыми басылымдарда немесе халықаралық немесе республикалық конференциялардың жинақтарында диссертация тақырыбы бойынша бір/екі жарияланым;
- Сараптау комиссиясының қорытындысы;
- Бітіретін кафедраның қорғауға ұсыныстары туралы шешімдері (кафедра жиналысының хаттамасынан көшірмелер);
- оппоненттің (сыртқы рецензент) рецензиясы, оның біліктілігі (ғылыми немесе академиялық дәрежесі) қорғауға берілген жұмыстың бейініне сәйкес болуы тиіс.

8.6 Ғылыми жетекшінің пікірінде диссертацияның толық сипаттамасы, бағаны (100 балдық жүйе бойынша балл арқылы және 4 балдық жүйе бойынша цифрлық баламаға сәйкес келетін А-дан FХ- дейінгі әріптік жүйе бойынша) және тиісті мамандық/білім беру бағдарламасы бойынша магистр академиялық дәрежесін беру мүмкіндігін көрсетумен дәлелді қорытынды беріледі.

8.7 Сараптау комиссиясының құрамына ұсынылған зерттеудің пәні мен нысаны саласында білімі бар, кемінде, үш маман кіреді. Сараптау комиссиясының құрамы диссертацияны қорғауға дейін бір айдан кешіктірілмей, ректордың бұйрығымен бекітіледі.


8.8 Ғылыми жетекшінің пікірі және сараптау комиссиясының қорытындысы А және Ә қосымшаларында берілген нысандарға сәйкес құрылады.

8.9 Ғылыми жетекші және/немесе сараптау комиссиясы «қорғауға жіберілмейді» немесе «қорғауға ұсынылмайды» деген теріс қорытынды берген жағдайда білім алушы қорғауға жіберілмейді және осы академиялық жылы магистрлік диссертациясын қорғамайды.

8.10 Магистрлік диссертацияның оппоненті (сыртқы рецензенті) болатын тұлғалар: ғылыми дәрежесі - ғылым докторы, ғылым кандидаты, академиялық дәрежесі - PhD философия докторы, бейін бойынша доктор, ғылыми атақтары - профессор, қауымдастырылған профессор(доцент), кемінде, 3 жыл ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі бар оқытушылар, сондай-ақ, өнер саласында құрметті атақтары және мемлекеттік марапаттары, қорғауға ұсынылған жұмыстың бейініне сәйкес мамандық бойынша кемінде 5 жыл шығармашылық жұмыс өтілі бар жетекші мамандар.

8.11 Оппоненттер (сыртқы рецензенттер) магистрлік диссертацияны рецензиялауға келісімін және анкеталық деректерін Б және В қосымшаларына сай береді.

8.12 Сыртқы рецензенттің рецензиясында диссертацияның жан-жақты сипаттамасы, бағасы («үздік», «жақсы», «қанағаттанарлық»,

 КАЗАҚҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 30.09.2021
	МАГИСТРАТУРА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	11 бет

«қанағаттанарлықсыз»), тиісті мамандық/білім беру бағдарламасы бойынша магистр академиялық дәрежесін беру мүмкіндігі көрсетілуімен дәлелді қорытынды беріледі.

Сыртқы рецензенттің магистрлік диссертацияға рецензиясының нысаны Г қосымшасында берілген.

8.11 Бітіретін кафедраның қорғауға ұсыну туралы шешімі (кафедра жиналысының хаттамасынан көшірме), плагиатқа тексеруден өту туралы анықтама, сондай-ақ магистранттың жеке жұмыс жоспары академиялық этика бойынша Кеңеске беріледі. Академиялық этика бойынша Кеңестің жиналысында плагиатқа тексерудің нәтижелері талқыланады және магистрлік диссертациялардың/жобалардың тақырыптарын түзетумен (қажет болса) қорғауға рұқсат расталады.

8.12 Академиялық этика бойынша Кеңестің шешімі негізінде магистрантқа білікті бітіру жұмысын қорғауға рұқсат ету туралы Университет ректорының бұйрығы шығарылады.

8.13 Магистрлік диссертацияны қорғау келесілердің болуында іске асырылады:


- Ғылыми жетекшінің пікірі;
- Ғылыми басылымдарда немесе халықаралық немесе республикалық конференциялардың жинақтарында диссертация тақырыбы бойынша, кемінде, бір/екі жарияланым;
- Диссертацияны жария қорғауға ұсыну туралы сараптау комиссиясының қорытындысы;
- Бітіретін кафедраның қорғауға ұсыныстары туралы шешімдері (кафедра жиналысының хаттамасынан көшірмелер);
- Оппоненттің (сыртқы рецензенттің) рецензиясы.

8.14 Диссертант қорғаудың алдында мемлекеттік аттестациялық комиссияның (МАК) ғалым хатшысына магистрлік диссертацияның/жобаның қатты мұқабамен түптелген екі данасын, компьютерде немесе баспалық тәсілмен орындалған авторлық рефераттың, кемінде, 5 данасын береді.

8.15 Магистрлік диссертацияны/жобаны қорғау PowerPoint бағдарламасында орындалған презентациямен іске асырылады, қорғаудың жалпы уақыты – 30 минуттан аспайды, баяндаманың ұзақтығы – 15 минуттен аспайды.

8.16 Қорытынды аттестациядан өткен - магистрлік диссертацияны/жобаны табысты қорғаған білім алушыға МАК шешімімен тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «магистр» академиялық дәрежесі тағайындалады және қосымшасымен (магистр дипломына куәлік) меншікті үлгідегі диплом беріледі.

8.17 Магистрлік диссертацияны/жобаны қорғағаннан кейін білім алушы білім бөліміне магистрлік диссертацияның/жобаның қатты мұқабамен түптелген

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКА УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 30.09.2021
	МАГИСТРАТУРА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	12 бет

екі данасын тапсырады. Қатты мұқабаның ішкі жағына А5 пішіміндегі конверт жапсырылуы тиіс, оған автореферат салынады. Сондай-ақ, білім алушы жұмыстың электрондық тасымалдауыштағы электрондық нұсқасын (диск, флеш-тасымалдауыш, т.б.) беруі тиіс.


8.18 Магистрлік диссертацияның/жобаның бір данасы мұрағатқа тапсырылады, екіншісі Университеттің кітапханасына жіберіледі.

8.19 Білім алушыға диплом берілгеннен кейін магистрлік диссертация плагиатты және зерттеу тақырыптарының қайталануын болдырмау үшін Қазақстанның білім беру мекемелерімен бірлесе құрылған магистрлік диссертациялардың жалпы электрондық кітапханасына жіберіледі.

## 9 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

8.1 Осы Ереже бекітілген күнінен бастап күшіне енеді және жаңаға алмастырғанға дейін әрекет етеді.

8.2 Ережеге өзгертулер мен толықтыруларды Университеттің бөлімшелерінің ұсынулары бойынша Ғылыми кеңес енгізеді.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКА УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 30.09.2021
	МАГИСТРАТУРА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	13 бет

А қосымшасы

## Ғылыми жетекшінің пікірі

шифр – «атауы» білім беру бағдарламасы бойынша  
 өнертану ғылымының магистрі  
 академиялық дәрежесіне ізденуге ұсынылған  
 «жұмыстың тақырыбы» тақырыбына  
 (аты-жөні)-ның  
 магистрлік диссертациясының  
 ғылыми жетекшісінің  
 ПІКІРІ

1 Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы

2 Диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиженің (ереженің), қорытындылардың, магистранттың қорытындысының жаңалық дәрежесі


3 Диссертацияда тұжырымдалған ғылыми нәтиженің, қорытындылардың, магистранттың қорытындысының негізділік және сенімділік дәрежесі

4 Диссертация тақырыбының ашылуының, негізгі ережелердің, нәтижелердің, қорытындылардың, диссертацияның қорытындысының толықтығы

5 Жұмыстың тәжірибелік және теоретикалық маңыздылығы. Диссертацияны енгізу немесе сынақтан өткізу (апробация) нәтижелері

6 Диссертацияда академиялық адалдық ұстанымының қадағалануы, диссертацияда кірме материалды авторға және ақпарат көзіне сілтемесіз пайдаланудың (плагиат) болуы

7 Магистрлік диссертация материалдары бойынша жарияланымдар болуы

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ОҢЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 30.09.2021
	МАГИСТРАТУРА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	14 бет

## 8 Диссертанттың жұмысты өздігінше орындауы


9 Магистрлік диссертацияны құрастырудың қисындылығын, оның ішкі бірыңғайлығын бағалау

Қорытынды «Жұмыстың тақырыбы» тақырыбына (аты-жөні)-ның магистрлік диссертациясы магистрлік диссертацияларға қойылатын талаптарға сәйкес келеді, ал ұсынылған жұмыстың авторы «100 балдық жүйе және А-дан FХ-дейінгі әріптік жүйе бойынша бағалауға» және шифр – «атауы» білім беру бағдарламасы бойынша магистр академиялық дәрежесін беруге лайық.

Ғылыми жетекші:  
ғылыми дәрежесі, атағы,  
лауазымы

аты-жөні

*Қойылған қол жұмыс орны бойынша мамандар бөлімінде расталады*

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 30.09.2021
	МАГИСТРАТУРА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	15 бет

Ә қосымшасы

## Сараптау комиссиясы қорытындысының нысаны

шифр – «атауы» білім беру бағдарламасы бойынша  
өнертану ғылымының магистрі  
академиялық дәрежесіне ізденуге ұсынылған  
«жұмыстың тақырыбы» тақырыбына  
(аты-жөні)-ның  
магистрлік диссертациясына  
Сараптау кеңесінің  
**ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Диссертациялық жұмысты зерттеуден және талқылаудан кейін Сараптау кеңесі келесіні атайды:

1 Диссертация тақырыбының ғылымның дамуының басымдылықты бағыттарына және/немесе Қазақстан Республикасында іске асырылатын мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі

2 Диссертацияда дербестік ұстанымының қадағалануы


3 Диссертацияда ішкі бірыңғайлық ұстанымының қадағалануы

4 Диссертацияда ғылыми жаңалық ұстанымының қадағалануы, негізгі ғылыми нәтижелері

5 Диссертацияда шынайылық ұстанымының қадағалануы

6 Диссертацияда тәжірибелік құндылық ұстанымының қадағалануы: тәжірибелік немесе теоретикалық. Диссертацияны енгізу немесе сынақтан өткізу (апробация) нәтижелері



 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 30.09.2021
	<b>МАГИСТРАТУРА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	16 бет

7 Диссертацияда академиялық адалдық ұстанымының қадағалануы, диссертацияда кірме материалды авторға және ақпарат көзіне сілтемесіз пайдаланудың (плагиат) болуы

8 Жарияланымдардың толықтық ұстанымына сәйкестігі

9 Диссертациялық жұмысқа ескертулер

Сараптау кеңесінің шешімі:

«Жұмыстың тақырыбы» тақырыбына (аты-жөні)-ның диссертациялық жұмысы қорғауға ұсынылсын


Дауыс беру нәтижелері:

«иә»	—
«қарсы»	—
«қалыс қалды»	—

Қорытынды  
 «Жұмыстың тақырыбы» тақырыбына (аты-жөні)-ның магистрлік диссертациясы магистрлік диссертацияларға қойылатын талаптарға сәйкес келеді және шифр – «атауы» білім беру бағдарламасы бойынша өнертану ғылымының магистрі академиялық дәрежесіне іздену үшін қорғауға ұсынылады.

Сарапшылар:

- |  |          |
|--|----------|
| 1) ғылыми дәрежесі, атағы,<br>лауазымы | аты-жөні |
| 2) ғылыми дәрежесі, атағы,<br>лауазымы | аты-жөні |
| 1) ғылыми дәрежесі, атағы,<br>лауазымы | аты-жөні |

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ОҢЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ</b>	2 нұсқасы: 30.09.2021
	<b>МАГИСТРАТУРА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	17 бет

Б қосымшасы


**Оппоненттің (сыртқы рецензенттің) анкеталық деректерін беру  
нысаны**

Оппонент (сыртқы рецензент) (аты-жөні)-ның анкеталық деректері

1	Жұмыс орны	
2	Атқаратын қызметі	
3	Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, құрметті атағы, мемлекеттік марапаттары	
4	Рецензияланатын диссертацияның бейіні бойынша негізгі жарияланымдар тізімі (кемінде, 3 жұмыс)	
5	Шығармашылық жетістіктері	

Рецензент: \_\_\_\_\_ аты-жөні

*Қойылған қол жұмыс орны бойынша мамандар бөлімінде расталады*

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 30.09.2021
	МАГИСТРАТУРА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	18 бет

В қосымшасы

**Оппоненттің (сыртқы рецензенттің) магистрлік диссертацияны  
рецензиялауға келісімінің нысаны**

**ОППОНЕНТТІҢ ЖҰМЫС ОРНЫ – МЕКЕМЕНІҢ ТОЛЫҚ АТАУЫ**

«Жұмыстың тақырыбы» тақырыбына  
магистрант (аты-жөні)-ның  
магистрлік диссертациясын рецензиялауға


**КЕЛІСІМ**

Мен, (сыртқы рецензенттің аты-жөні), ғылыми дәрежесі, атағы, шифр – «атауы» білім беру бағдарламасы бойынша өнертану ғылымының магистрі академиялық дәрежесіне іздену үшін магистрлік диссертациясын ұсынған Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет Комитетінің «Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің, «кафедра атауы» кафедрасының магистранты (аты-жөні)-ның рецензенті болуға келісім беремін.

ғылыми дәрежесі, атағы,  
лауазымы, жұмыс орны

аты-жөні

*Қойылған қол жұмыс орны бойынша мамандар бөлімінде расталады*

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 30.09.2021
	МАГИСТРАТУРА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	19 бет


Г қосымшасы

## Оппоненттің (сыртқы рецензенттің) рецензиясының нысаны

шифр – «атауы» білім беру бағдарламасы бойынша  
өнертану ғылымының магистрі  
академиялық дәрежесіне ізденуге ұсынылған  
«жұмыстың тақырыбы» тақырыбына  
(аты-жөні)-ның  
магистрлік диссертациясына  
сыртқы рецензенттің

### РЕЦЕНЗИЯСЫ

- 1 Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы
- 2 Магистрлік диссертацияға қойылатын талаптар шеңберіндегі ғылыми нәтижелер
- 3 Диссертацияда тұжырымдалған ғылыми нәтиженің, қорытындылардың, магистранттың қорытындысының негізділік және сенімділік дәрежесі
- 4 Диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиженің (ереженің), қорытындылардың, магистранттың қорытындысының жаңалық дәрежесі
- 5 Магистрлік диссертацияны құрастырудың қисындылығын, оның ішкі бірыңғайлығын бағалау
- 6 Диссертация тақырыбының ашылуының, негізгі ережелердің, нәтижелердің, қорытындылардың, диссертацияның қорытындысының толықтығы
- 7 Магистрлік диссертация материалдары бойынша жарияланымдар болуы

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКА УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ МК «ҚазҰӨУ» РММ	2 нұсқасы: 30.09.2021
	МАГИСТРАТУРА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	20 бет

8 Диссертациялық жұмыстың мазмұны және рәсімдеу бойынша кемшіліктер

9 Ізденушіге сұрақтар

- 1)
- 2)

Қорытынды

«Жұмыстың тақырыбы» тақырыбына (аты-жөні)-ның магистрлік диссертациясы магистрлік диссертацияларға қойылатын талаптарға сәйкес келеді, ал ұсынылған жұмыстың авторы «баға» бағасына және шифр – «атауы» білім беру бағдарламасы бойынша магистр академиялық дәрежесін беруге лайық.

**Рецензент:**

ғылыми дәрежесі, атағы,  
лауазымы, жұмыс орны

аты-жөні

*Қойылған қол жұмыс орны бойынша мамандар бөлімінде расталады*